

#ЗАҢНАМА

Мақсат – кәсіпкердің құқығын қорғау

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында бағытталған бірінші басымдықтардың бірі – кәсіпкерлікті жүйелі қолдау, себебі кәсіпкерлік – ұлттық экономикамыздың жетекші күші екендігі атап көрсетілген.

Инвестициялық ахуалды нығайту және кәсіпкерлердің құқықтарын сенімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында бизнеске тексерулерді төмендетуге бағытталған маңызды заңнамалық өзгерістер енгізілді.

2025 жылдан бастап заңнамаға инвестор мәртебесіне ие субъектілерге қатысты тексерулер тек прокуратура органдарымен алдын ала келісілген жағдайда ғана жүргізілетіні туралы норма енгізілді.

Бұл шара тексеруші органдардың жұмысында ашықтық пен объективтілікті арттыруға, сондай-ақ инвесторларды кейбір лауазымды тұлғалардың шамадан тыс әрекеттері мен формалды көзқарастарынан қорғауға бағытталған.

Жаңа норма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инвестор мәртебесіне ие жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

Кәсіпкерлерді қолдау және қорғауға бағытталған заңдардың қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті ат салысуда.

Атап айтқанда, ағымдағы жылдың 4 айында инвесторларға қатысты 29 тексеру туралы актілері қаралды, оның ішінде облыс және аудандық прокуратуралармен 7 акт бойынша тіркеуден бас тарту құқығы қолданылған, 22 акт мақұлданып, тексерулер тіркелген.

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасау мемлекеттік органдар қызметінің басты басымдықтарының бірі болып қала береді. Аталған заңнамалық норманың енгізілуі инвесторлардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтіп, елдегі бизнес-ортаның тұрақты әрі сенімді болуына ықпал етеді.

ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ШҚО бойынша департаменті

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«ONE Block» ЖШС «TURANGA» учаскесінің барлау жоспарына қоршаған ортаға әсер етуі туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Қалғұты ауылдық округі, Ақши ауылы.

«TURANGA» учаскесінің географиялық координаттары: 1) 48°26'00" С.Е.; 84°15'00" Ш.Б.; 2) 48°26'00" С.Е.; 84°16'00" Ш.Б.; 3) 48°19'00" С.Е.; 84°16'00" Ш.Б.; 4) 48°19'00" С.Е.; 84°12'00" Ш.Б.; 5) 48°21'00" С.Е.; 84°12'00" Ш.Б.; 6) 48°21'00" С.Е.; 84°15'00" Ш.Б.

Тыңдаулар 26.06.2026 сағат 10.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Қалғұты ауылдық округі, Ақши ауылы, «Ақши негізгі орта мектебі» КММ ғимараты мекенжайы бойынша өтеді. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы қажет.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференциялар арқылы онлайн режимінде қолжетімді болады. Онлайн тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us06web.zoom.us/j/85407825000?pwd=Q7XwS8Pa8KgbRQkCRTI2DJuENe8Zgu.1>

Конференция идентификаторы: 854 0782 5000

Кіру коды: 458077

Тапсырыс беруші: «ONE BLOCK» ЖШС, БИН 041140015803, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Кенесары көшесі, 8-үй, н.п. 107.

Әзірлеуші: «РУДПРОЕКТ» ЖШС, Астана қ., Жұмбаев к-сі, 37. тел. 870547098 66.

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz/https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі: rudproject@mail.ru, 87054709866.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Өскемен қаласы, Борис Керімбаев көшесі, 19, тел. 8-7232-25-72-06, d.babakanova@akimvko.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстар Ақмола облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89, тел. 8 (7162) 40-28-07 мекенжайы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады: d.babakanova@akimvko.gov.kz, сондай-ақ сайтта: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай төсілдермен таратылады: «DIDAR», «Рудный Алтай» газеттері, «ALTAI» арнасы.

#БІЛІМ

Мемлекеттік қызметшілерге жаңа мүмкіндік: грант саны артты

Мемлекеттік қызмет саласында кәсіби әрі заманауи ойлайтын кадрларға сұраныс артып келеді. Осы бағытта Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы мемлекеттік қызметшілерге жаңа білім алып, мансаптық тұрғыда өсуге кең мүмкіндік ұсынып отыр. Академияның Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалының директоры Жанар Боқанова оқу бағдарламаларындағы жаңашылдықтар, грант санының артуы және мемлекеттік қызметшілерге берілетін артықшылықтар туралы айтып берді.

– **Жанар Қалиқанқызы, облыстағы мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға қатысты өзекті мәселелерді жиі қозғап жүрсіз. Әңгіменің басын білімнің маңызынан бастасақ, мемлекеттік қызметтегі мамандардың әлеуетін ашуға академияда қандай жағдайлар жасалған?**

– Жыл өткен сайын мемлекеттік қызметте білімді мамандардың саны артып келеді. Олар тек отандық жоғары оқу орындарынан білім алып қоймай, шетелдік айтулы оқу орындарын да тәмамдап, елге оралып қызмет етіп жатыр. Соңғы деректерге сүйенсек, облыстағы мемлекеттік қызметте бүгінде шамамен 3568 адам еңбек етуде. Бұл қызметкерлердің әлеуеті мен талантын ашуға Мемлекеттік басқару академиясында көп мүмкіндіктер бар. Мысалы, ашық конкурстар арқылы мансаптық өсу, білімі мен біліктілігін жетілдіруде курс, семинарлардан өтуге болады. Сонымен қатар кәсіби даму бағытында магистратура, докторантурада білім алуға, «Президенттік жастар кадрлық резерві» жобасы арқылы да конкурстық іріктеуден өтпей, тікелей түрлі мемлекеттік лауазымдарға тағайындалу мүмкіндіктері қарастырылған.

Әр заманның өз құндылығы бар. Кезінде Абылай хан «Білекке сенген заманда намысты қолдан бермедік, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмелік» деген ғой. Әрбір халықтың білімге ұмтылысы сол мемлекеттегі саяси тұрақтылықпен байланысты. Бейбіт елдің ұрпағы білімді болуы керек. Алған білімімен кәсібилікке ұмтылуы қажет.

Бүгінде Мемлекеттік басқару академиясы – кәсіби мемлекеттік қызметшілерді даярлайтын еліміздегі бірегей оқу орны. Кәсіби, білікті және жаңашыл ойлайтын кадрларды даярлау ісінде мемлекеттік қызметшілерді магистратура және докторантурадағы білімге дейін оқытып, олардың басқару қабілеттерін, стратегиялық ойлауын және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағыттайды. Президенттің өзі қолдап отырған мемлекеттің жаңа кадрлық саясатын жүзеге асырудағы кешенді білім беретін оқу ордасы.

– **Биылғы оқу жылына магистратурада білім алуға құжат қабылдау науқаны жүріп жатыр, қандай өзгерістер бар, грант саны қанша?**

– Академия 2026 оқу жылы үшін құжат қабылдауды 1 сәуірден бастап кетті. Үміткерлер 1 маусымға дейін құжаттарды онлайн қабылдау жүйесі admission.ara.kz арқылы өтімін бере алады. Биыл мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға арналған гранттар саны 1,5 еседен астам көбейтілді, докторантураға 12 грант бөлінді. Академияда 16 білім беру бағдарламасы ұсынылған.

Магистратура бойынша мемлекеттік басқару, саясат, экономика, халықаралық қатынас, өңірлік даму, адами ресурстарды стратегиялық басқару, цифрлық мемлекеттік басқару мамандықтары бар. Сонымен қатар 1 жылға жоспарланған ақылы модульдік бағдарламалар бойынша EMPA – мемлекеттік басқару, EMBA – іскерлік әкімшілендіру, MRDm – өңірлік даму мамандықтарына сай онлайн және офлайн форматтарында білім ала алады. Аталған мамандықтарға мемлекеттік қызметшілермен қатар квазисекторда қызмет ететін өкілдер мен мәслихат депутаттары да үміткер бола алады.

Докторантура бойынша мемлекеттік басқару, экономика, цифрлық мемлекеттік басқару, халықаралық қатынастар мамандықтары бар.

Осы ретте атап өтерлік жаңалық – биылғы оқу жылында жаңадан MDAAIPS – мемлекеттік сектордағы цифрлық талдау және жасанды интеллект, EMBA – іскерлік әкімшілендіру, DDPA – цифрлық мемлекеттік басқару білім бағдарламалары енгізілді.

Сондай-ақ жекелеген білім беру бағдарламаларын ғылыми-педагогикалық бағытқа ауыстыруға байланысты «Мемлекеттік саясат», «Халықаралық қатынастар», «Экономика» бағдарламаларының оқу мерзімі 1,5 жылдан 2 жылға дейін ұзартылды.

Тағы бір өзгеріс – мемлекеттік органдардағы ведомстволық ұйымдар мен квазимемлекеттік сектордағы қызметкерлердің де білім алуға мүмкіндіктері бар.

– **Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді биік белестерге білімі озық, ойы ұшқыр жастар бастауы керек дегенді жиі айтады. Жалпы, облыстағы мемлекеттік қызметшілердің білім алуға қызығушылығы қандай, статистикалық көрсеткіш бар ма?**

– Әрине, бізде үлкен деректер жинақталған. Мемлекеттік қызметшілер білім алуға өте ынтылы. 2007-2025 оқу жылдары аралығында облыс бойынша 50-ден астам түлек магистратура бағдарламасы бойынша оқуын аяқтады. Олардың бірқатары бүгінде мемлекеттік қызметте жауапты және басшылық лауазымдарда еңбек етіп жүр. Былтырғы оқу жылында 6 мемлекеттік қызметші грант жеңіп алды. Әртүрлі мамандықтар бойынша білім алуда.



Жалпы саны – 62.

– **Осы ретте оқуға қабылдау шарттары мен іріктеу кезеңдері және жас ерекшелігі жайында айтсаңыз.**

– Үміткерлер қазақ тілінен Qazaq resmi test немесе Қазтест бағдарламалары бойынша онлайн форматта мемлекеттік тілді кем дегенде B1 деңгейінде білу, немесе одан жоғары деңгейлерді растайтын сертификатқа ақылы тапсыруы керек. Тек мемлекеттік саясат пен халықаралық қатынастар мамандықтарына және докторантураға ағылшын тілін білу деңгейінің сертификаты талап етіледі. Сондай-ақ базалық диплом, еңбек өтілін дәлелдейтін құжаттарын тапсырады. Ал докторантураға түсу үшін ғылыми-зерттеу жоспары «Research proposal» қажет. Осы жылдың 5-7 маусымында іріктеу кезеңі өтеді әрі онлайн форматта аналитикалық эссе жазады. 5-19 маусым аралығында академия қабырғасында офлайн сұхбатқа қатысады. 25 маусымда алдын ала қабылдау шарасы өтеді. Ал, жалпы қорытынды нәтижелері 10 шілдеде жарияланып, оқуға қабылданғандар 1 қыркүйектен бастап оқуға кіріседі. Магистратураға тапсыратын үміткерлердің мемлекеттік қызметтегі өтілі кем дегенде 3 жыл болуы керек. 55 жасқа дейінгі қызметкерлер де оқуға тапсыра алады.

– **Жалпы, еліміздің жоғары оқу орындарындағы магистратураның оқу жүйесі баршаға мәлім. Ал Мемлекеттік басқару академиясындағы магистратураның артықшылығы қандай, мемлекеттік қызметшілер не себептен осы оқу орнын таңдайды?**

– Мемлекеттік қызметші болғасын, академияға барып арнайы білім алудың өзіндік артықшылығы мен қолжетімді мүмкіндіктері бар. Мәселен, магистратураны тәмамдаса, мемлекеттік қызметтегі мансаптық өсуге жол ашылады. «Б» корпусының әкімшілік лауазымдарына конкурстық тағайындалады. Білім алу барысында шетелдік (АҚШ, Біріккен Араб әмірліктері, Финляндия) жоғары оқу орындарымен қос диплом алу мүмкіндігіне ие болады. Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында және зерттеу орталықтарында тағылымдамадан өтеді. Астанада қайда тұрамын, қаржы қайдан келеді деп уайымдамайды. Оларға лауазымдық жалақыға тең стипендия төленіп, жас мемлекеттік қызметшілер үйінде баспанамен қамтамасыз етіледі. Ең бастысы бұрынғы жұмыс орны мен лауазымы сақталып, қызметтік өтілі үзілмейді. Міне, қызметшілердің таңдауы да осында.

Осы ретте Әбіш Кекілбаевтың «Адам өзін де, өзгелерді де, күллі болмысты да ешқашан түгел танып үлгере алмайды. Білгісі келген сайын білмейтіні көбейе түседі. Өйткені, өмір мәңгі де, ғұмыр қысқа. Соған қарамастан білуге ынтықтығын жоғалтпаған адам – нағыз парасатты адам» деген сөздері есіме түсіп отыр. Шынымен де адам білімді болған сайын зерттеушілік қабілеті дамып, зияткерлік және кәсіби әлеуеті де артады.

Еліміздің түкпір-түкпірінен оқуға келген азаматтар үшін академия – нағыз нетворкинг алаңы. Кәсіби байланыстар, серіктестік орнату, тәжірибе алмасу сынды дағдыларды дамытудың үлкен мүмкіндігі бар. Білім ала жүріп, орталық мемлекеттік органдар, соның ішінде Парламент, Үкімет, министрліктер өз қызметін қалай жүзеге асыратынын көздерімен көріп, кәсібилікті шыңдауда өзіндік тәжірибе қалыптастыра алады.

– **Жанар Қалиқанқызы, бұл сұхбаттың түйіні академияның магистратурасына жастарды көптеп тарту ғой. Оқырмандарымыздың арасында мемлекеттік қызметшілер де бар, солардың арасынан үміткерлер шығып жатса, ақпаратты қайдан алуға болады?**

– Үміткерлерге арналған барлық талаптар мен құжат тізімі академияның www.ara.kz ресми сайтында және әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланған. Кеңес алу үшін +7 771 341 00 83 нөмірі арқылы академияның облыстық филиалына, яғни бізге хабарласуға болады.

Бүгінде мемлекеттік қызметші өз саласын жетік білетін маман ғана емес, үнемі ізденіп, кәсіби тұрғыда дамып отыратын тұлға болуға тиіс. Қоғамның сұранысы мен мемлекеттік басқару жүйесіндегі өзгерістер мемлекеттік қызметшіден терең білімді, стратегиялық ойлауды және заманауи басқару дағдыларын талап етеді. Білімін тұрақты жетілдіру арқылы мемлекеттік қызметші халыққа сапалы қызмет көрсетіп, тиімді шешім қабылдауға және елдің дамуына үлес қосуға мүмкіндік алады. Дүниенің дидары күнде өзгеріп жатқан заманда мемлекеттігіміздің беріктігі тек білімді мамандардың қолында.

– Сұхбатыңыз үшін көп рақмет!

Әзірлеген – Ержан КЕҢЕСҰЛЫ